

САБАҚ 7 Иса – Сауықтырушы Және Шомылдырушы

Сіз қазірдің өзінде-ақ Иса туралы көп нәрсені оқып білдіңіз! Сіз Оның уәде етілген Мәсіх, Құдайдың Ұлы, Адамның Ұлы, Құдай Сөзі және әлемнің Нұры екендігін білдіңіз. Осы атақтары бізге Оның кім екендігі туралы маңызды ақиқаттарды айтып береді.

Исаның істеген әрекеттерін бақылау – Оның кім екенін түсінудің тағы бір тәсілі. Осы сабақта біз Оның екі қызметін қарастыратын боламыз: Иса біздің тәніміз бен жанымызды сауықтырады және Иса бізді Киелі Рухпен шомылдырады. Иса осы істерді Өзінің беделінің арқасында істей алатынын білу маңызды. Ол біздің денемізді және әлемдегі бардың бәрін жаратқан Құдайдың Ұлы болғандықтан, бізді сауықтыра алады. Ол көктегі Әкесінің оң жағына көтерілген мінсіз құрбандық Тоқты, сондай-ақ Адамның Ұлы болғандықтан, бізді Киелі Рухпен шомылдыра алады. Сол жерден Ол Өзінің балаларына Киелі Рухты жіберіп отыр. Ол бізді жақсы көргендіктен, біз үшін осыларды іске асырады. Қандай тамаша Дос десеңізші!

Иса бүгін де тірі, әрі Ол біздің Сауықтырушымыз және Шомылдырушымыз болып қалуда. Оның осы қызметтерін оқыған сайын сіз таңғажайып жарылқауларды аңғаратын боласыз.

Осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз

- А. Иса – Құдайдан келген Дәрігер
- Б. Иса – Киелі Рухпен Шомылдырушы

Осы сабақтың мақсаты

1. Неліктен Исаның адамдарды бүгін де сауықтыра алатынын түсіндіру.
2. Киелі Кітаптың Киелі Рухпен шомылдыру туралы не айтатынын анықтау.

А. ИСА – ҚҰДАЙДАН КЕЛГЕН ДӘРІГЕР

Мақсат 1. Неліктен Исаның адамдарды бүгін де сауықтыра алатынын түсіндіру.

Інжілдің беттерінде біз Исамен Ұлы Дәрігер, жан мен тәнді Сауықтырушы ретінде танысамыз. Біз Оның адамдарымен сөйлескен кезде, Оның Өзінің сауықтыру ісін бүгін де жалғастырып отырғанын көреміз.

Дене мен жанды сауықтырушы

Дәрігер деген кім? Ол не істейді? Осы сұрақтарға берілген жауаптар Исаны біздің Құдайдан келген Дәрігеріміз ретінде бағалауымызға көмектеседі. Жақсы дәрігер:

1. Ауруларға көмектескісі және оларды сауықтырғысы келеді.
2. Білікті және ауруларды сауықтыруға даярланған.
3. Өз емделушілерін мұқият қарап шығады.
4. Емделушілердің мәселелерін анықтайды.
5. Тиісті ем жазып береді.
6. Қажетті емдеуді (емделушінің келісімімен) қолданады.

Исаға қатысты осы алты тұжырым рас па? Иә. Олардың әрқайсысы рас! Ол жаны және тәні ауырғандарға деген қамқорлығын танытты. Жаратушымыз ретінде Ол біздің мәселелерімізді анықтау үшін медициналық талдауды қажет етпейді. Ол бізді біледі және біздің мұқтаждығымызды түсінеді. Ол бізді жаратқан, біздің тиісінше жұмыс істемей тұрған кез келген бөлігімізді оп-оңай түзете алады.

Сауықтыру және құтқару – екеуі де Құтқарушы қызметінің маңызды бөліктері болып табылады. Шын мәніне келетін болсақ, Киелі Кітапта кездесетін құтқарылу сөзі дененің саулығын, сонымен бірге біздің жанымыздың азаттығы мен қауіпсіздігін де қамтиды.

Мат 4:23-24. «Бұдан кейін Иса бүкіл Ғалилея аймағын аралап жүріп, мәжілісханаларында тәлім берді. Құдай Патшалығы туралы Ізгі хабарды уағыздап, адамдарды барлық ауру-сырқауларынан сауықтырды. Иса туралы хабар бүкіл Сирия өлкесіне де тарап, жұрт Оған түрлі дерттері бар қиналып науқастанғандардың бәрін де, жын соққандарды, ұстамалы-қояншықтар мен сал болғандарды алып келіп жатты, ал Иса оларды сауықтырды».

Мат 8:17. «Осылай Ишая пайғамбардың: Ол «біздің қасіретімізді Өзіне алды, біздің ауруларымызды өз мойнымен көтерді» деп алдын ала айтқаны жүзеге асты».

Иса Өзіне сауығуға келгендердің барлығын – зағиптарды, ауруларды, сал болғандарды және қорқынышпен, күдікпен әрі өшпенділікпен естері ауысып кеткендерді сауықтырды. Біздің Құдайдан келген Дәрігеріміз адамға – оның денесіне, ақыл-ойына, жан дүниесіне және рухына денсаулық әкеледі. Ол біздің өмірден шынайы ләззат алғанымызды қалайды. Жох 10:10. «Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім».

Оның жұмысының жалғасы

Иса – әлі күнге дейін Ұлы Дәрігер. Ол Өзінің ізбасарларын Өзінің атынан сауықтыруға жібереді. Ол жерде адам болған кезінде Өзі істегендердің бәрін қазіргі күнде мінажатқа жауап беру арқылы және Киелі Рух арқылы іске асырып отыр. Иса бұрын қандай болса, бүгін де сондай. Мінажаттарына жауап ретінде Исаның өздерін қалай сауықтырғанын мыңдаған адамдар айтып бере алады.

Мар 16:17-18, 20. «Сенушілер Құдайдың құдіретін көрсететін мынадай кереметтерді істемек: олар Менің атыммен жындарды қуып шығарып, жаңа тілдерде сөйлейді... Ауру адамдардың үстіне қолдарын қойса, олар сауығып кетеді... Ал шәкірттері барлық жерлерге барып, Ізгі хабарды жариялап жүрді. Иеміз оларға жар болып, Өзінің құдіретін көрсететін кереметтері арқылы уағыздалған хабарды растап бекітті».

Евр 13:8. «Иса Мәсіх өткенде, қазір және болашақта мәңгілік Өзі болып қала береді».

Жақ 5:14-15. «Қайсыбіреуің ауырып қалса, қауым жетекшілерін шақыртсын. Олар соның маңдайына Жаратқан Иенің атынан май жағып, оның үстіне қолдарын жайып сиынсын. Сеніммен сиынғандарыңа бола Иеміз науқастың денсаулығын қайтадан қалпына келтіріп сауықтырмақ. Егер ол күнә жасаған болса, кешірілмек».

Тапсырма

- 1 Киелі Кітапқа сәйкес, құтқару ... арналған денсаулықты білдіреді.
 - а) тек физикалық денеге
 - ә) тек жанға
 - б) денеге, ақыл-ойға және жанға

- 2** Иса бізді кез келген аурулардан сауықтыра алады, өйткені Ол...
- а)** бізді жаратты.
 - ә)** жерде өмір сүрді.
 - б)** бізге Құдай Ие туралы үйретті.
- 3** Айталық, досыңыз сізден: «Иса Мәсіхтің бүгінгі күнде де сауықтыратынына мен қалайша сенімді бола аламын?» – деп сұрады делік. Төменде берілген тізімнен осы сұраққа тікелей жауап болып табылатын Киелі Кітаптың екі үзіндісін таңдап алыңыз.
- а)** Мат 4:23-24.
 - ә)** Жох 10:10.
 - б)** Евр 13:8.
 - в)** Жақ 5:14-15.



Ә. ИСА – КИЕЛІ РУХПЕН ШОМЫЛДЫРУШЫ

Мақсат 2. Киелі Кітаптың Киелі Рухпен шомылдыру туралы не айтатынын анықтау.

Біз Көне Келісімнен Құдай халқының жетекшілері – Киелі Рухқа кенелген пайғамбарлар, бас діни қызметкерлер және билік етушілер болғаны туралы оқып білдік. Оларды Құдайға арнап бөліп алу үшін майлау рәсімі арқылы тағайындалатындарымен таныстыңыз. Оларды майлаған май нышан ретінде пайдаланылған еді. Олар Құдайға сүйенді, өйткені Ол Өзінің тапсырмасын орындау үшін өздеріне билік пен Киелі Рухын төгетін.

Бір күні Құдай Жоел пайғамбарға керемет бір уәде берді. Құдай тек жетекшілерге ғана емес, Өзінің бүкіл халқына Киелі Рухын төгетін уақыт келеді.

Жоел 2:28-29. «Осылардан кейін Мен өз Рухымды бүкіл адамзаттың үстіне құямын. Ұл-қыздарың пайғамбарлық

сөз айтады, қарттарың түс, жас жігіттерің аян көреді. Сол күндері Мен тіпті құл-күндердің үстіне де Рухымды төгемін».

Жүздеген жылдар араға салып, Құдай Шомылдырушы Жақияға Мәсіхтің адамдарды Киелі Рухпен шомылдыратынын хабарлады. Мәсіх үшін жол дайындап, Оны халыққа көрсетуі үшін Құдай Шомылдырушы Жақияны Өзінің ерекше елшісі ретінде жіберді. Жақияның уағыздарын тыңдауға халықтың үлкен топтары жиналатын. Күнәларына тәубе еткендерін, Құдайға тиесілі екендерін көрсету үшін олардың көпшілігі Жақияның сумен шомылдыруынан өтті. Жақия оларға былай деді:

Мат 3:11. «Мен сендерді теріс жолдан қайтқандарыңның белгісі ретінде суға шомылдыру рәсімінен ғана өткіземін. Ал менен құдіретті Біреу менен кейін келе жатыр. Ол сендерді Киелі Рухына әрі отқа шомылдырады. Оның құлы болып кебісін әперуге де тұрмаймын».

Осыдан біраз уақыт өте сала Жақия халыққа Исаны көрсетті. Ол Исаны және Оның қызметін баяндау үшін төрт сипаттаманы немесе лауазымды пайдаланды:

1. Құдайдың Токтысы
2. Оның жолы менен үлкен
3. Киелі Рухқа шомылдырушы
4. Құдайдың рухани Ұлы (Жох 1:29-34)

Жох 1:29-30, 32-34. «Келесі күні Жақия өзіне қарай келе жатқан Исаны көріп: – Қараңдар, Мынау – Құдайдың құрбандыққа жіберген «Токтысы»! Ол адамзаттың күнәсын өз мойнына артып, сол үшін жанын қияды. «Менен кейін Біреу келе жатыр, Оның жолы менен үлкен, өйткені Ол мен тумастан бұрын бар болатын» дегенімде, Сол туралы айтқан едім... Мен Киелі Рухтың көгершін бейнесінде көктен түсіп, Исаға қонғанын көрдім.

Исаны шынымен бұрын танымайтын едім. Бірақ мені шомылдыру рәсімін орындауға жіберген Құдай маған: «Сен Киелі Рухтың Біреуге қонғанын көргенде, Киелі Рухқа Шомылдырушының Соның Өзі екенін білесің», – деген болатын. Мен Киелі Рухтың Исаға қонғанын көріп, Оның Құдайдың рухани Ұлы екеніне куәгер болдым, – деді».

Киелі Кітап екі түрлі сезімді сипаттау үшін («батыру» немесе «малу» дегенді білдіретін) «шомылдыру» сөзін қолданады: 1) тәубеге келгенін көрсету үшін суға батырылу және 2) Киелі Рухтың сыйын қабылдау. Құдай сенушілерге Киелі Рухты төккен, жіберген немесе сый ретінде берген кезде, олар Киелі Рухқа батады немесе Киелі Рухқа шомылады. Осының нәтижесінде олар Киелі Рухқа кенеледі.

Үш жарым жыл бойы Иса халыққа қызмет көрсеткен кезде, Оның шәкірттері, сірә, Ол бізді қашан Киелі Рухқа шомылдыратын болады деп талай рет ойланған болар. Иса бұл істі «Әкенің уәдесі» деп атайтын. Бірақ Ол олардың Киелі Рухпен Шомылдырушысы болғанға дейін Өзінің Құдайдың Тоқтысы ретіндегі қызметін іске асыруы керек еді. Ол өліп, өлімнен қайта тіріліп және содан кейін көкке қайтып оралуы керек болатын. Содан кейін Ол оларға Киелі Рухты жібереді. Өзінің өлімі қарсаңындағы түні Иса Өзінің шәкірттеріне Киелі Рух туралы көп нәрсені айтып берді.

Жох 14:16, 26; 15:26; 16:7,13. «Мен көктегі Әкемнен сендермен мәңгі бірге болатын Қамқоршыны жіберуін өтінемін... Ал Әкем Менің атымнан Қамқоршыларың — Киелі Рухты жібереді. Ол Менің сендерге айтқан сөздерімнің бәрін естеріңе салып, рухани өмірлеріңе керектің бәрін үйретеді... Мен сендерге Әкемнен бір Қамқоршыны жіберемін: сендерге шындықты білдіретін сол Киелі Рух Әкемнен келіп, Мен туралы куәлік береді...Сендерге шындығын айтайын: Менің кететінім

сендер үшін жақсы! Себебі Мен кетпесем, сендерге Қамқоршыларың (Құдай Рухы) келмейді; ал Мен барған соң, Оны сендерге жіберемін... Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді».

Иса қайта тірілгеннен кейін көкке көтерілер алдында Өзінің ізбасарларына: 1) Олар Өзі туралы батыл куәлік бере алулары үшін Киелі Рухты және Оның күшін қабылдауларын; 2) жан-жаққа барып, барша жұртқа Иса туралы және Оның құтқаруы туралы айтып берулерін бұйырды:

Елш 1:4-5, 8. «Иерусалимнен кетпей, Әкенің өз уәдесін орындауын тосыңдар! Мен сендерге сол туралы айтқан едім ғой. Жақияның шомылдыру рәсімі сумен болатын, ал енді біраз күнде сендер Киелі Рухпен шомылдырыласыңдар... Бірақ Киелі Рух өздеріне қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар. Сонда сендер Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында және жердің шетіне дейін Маған куә боласыңдар».

Тапсырма

4 Иса көкке оралғаннан кейін Өзінің Әкесінен шәкірттеріне жіберетін сый туралы айтып берді. Бұл сый –

- а)** Киелі Кітап.
- ә)** олардың күнәларын кешіру.
- б)** олардың тәндерін сауықтыру.
- в)** Киелі Рух.

5 Төменде Киелі Рухтың келуіне байланысты бірнеше оқиғалар көрсетілген. Оларды болған ретіне сай 1-ден бастап 5-ке дейінгі сандармен белгілеңіз.

....**а** Иса Өзінің Құдай Тоқтысы ретіндегі қызметін іске асырып, біздің күнәларымыз үшін өледі.

- ...Ә Иса көкке қайтып оралады.
- ...Б Иса Өзінің ізбасарларына Киелі Рух төгілгенше тоса тұруларын бұйырады.
- ...В Жоел Құдай әркімге Өзінің Рухын төгеді деп пайғамбарлық сөз айтады.
- ...Г Шомылдырушы Жақия Исаны Киелі Рухпен Шомылдырушы ретінде көрсетеді.



Уәденің орындалуы

Иса көкке көтерілгенге дейін Өзінің ізбасарларына бірнеше күннен кейін олардың Киелі Рухпен шомылдырылатындарын айтты. Олар Иерусалимге барып күтіп отырды. Он күн өткен соң, яғни Елуінші Күні ол солай болды да! Иса оларды (120 сенушіні) Киелі Рухпен және отпен шомылдырды. Олар Иса туралы батылдықпен куәлік беру үшін уәде еткен күшті қабылдады.

Елш 2:1-7, 11. «Алғашқы өнім мейрамы келгенде, сенушілердің бәрі бірге болды. Сонда кенеттен көктен бір қатты жел соққандай шу естіліп, олар отырған бүкіл үйді алып кетті. Сенушілерге жалындай жалаңдаған тілдер көрінді де, бөлініп-бөлініп әрқайсысының үстіне бір-бірден қонды. Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Оның өздеріне берген дарынына қарай бөтен тілдерде сөйлей бастады. Сол кезде Иерусалимде дүниенің төрт бұрышындағы әр елден келген, Құдайды қастерлейтін яһудилер тұратын. Осы шу естілгенде көптеген халық сол жерге жиналып, аңтарылып тұрып қалды. Себебі олардың әрбіреуі тыңдағанда сенушілердің мұның өз тілінде сөйлеп тұрғанын естіді. Халық қатты таңғалып: «Мына сөйлеп жатқандардың бәрі ғалилеялықтар емес пе? – десті... криттіктер мен арабтар да бар. Бірақ әрқайсымыз мына кісілердің Құдайдың ұлы істерін өз тілдерімізде жариялап жатқанын естіп тұрмыз!»

Киелі Рухқа толған Петір Құдайдан келген үндеуді адамдарға жеткізді. Олар Құдайдың Жоелдің пайғамбарлық сөздерін қалай іске асырғанын көрді. Олар Мәсіх болған Исадан бас тартып, Оны айқыш ағашқа шегеледі. Бірақ Құдай Оны өлімнен тірілтті. Иса көкке қайта көтеріліп, Өзінің ізбасарларына Киелі Рухты жіберді. Бұл, Исаның Мәсіх болғанын растады.

Лұқа былай деп жазады:

Елш 2:32-33, 36. «Осы Исаны Құдай қайта тірілтіп алды, біз бәріміз соған куәміз! Иса Құдайдың құдіретімен көкке көтеріліп, Әкеден уәделі Киелі Рухты алған соң, Оны біздің үстімізге құйып сыйлады. Мұны өздерің естіп және көріп тұрсындар... Сондықтан бүкіл Исраил елі мынаны анық білсін: Құдай сендер айқышқа шегелеткен осы Исаны «Иеміз» және «Мәсіх» етіп тағайындады».

Иса адамдарды Киелі Рухпен шомылдырады деген Жақияның хабары рас еді. Иса – Құдайдың Тоқтысы, Шомылдырушы, Құдайдың Ұлы Мәсіх еді. Адамдардың Исаға сенбеуі қандай сұмдық! Олардың сенбеуі Оны айқыш ағашқа шегеледі. Құдай оларды кешіре алар ма еді?

Елш 2:37-39, 41. «Халық мұны естігенде жүректері қарс айрылып, опық жеді. Олар Петір мен басқа елшілерден: – Ағайындар-ау, біз енді не істеуіміз керек? – деп сұрады. Петір оларға былай деп жауап берді: – Әрқайсың күнәларыңның кешірілуі үшін теріс жолдан қайтып, Иса Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтіндер! Сонда сендер Құдайдың сыйын – Оның Киелі Рухын қабылдайсындар. Себебі бұл уәде сендерге, балаларыңа және алыстағылардың бәріне: Құдайымыз – Жаратқан Ие шақыратын барлығына да арналған... Петірдің сөзін қабылдағандар шомылдыру рәсімінен өтті. Осылайша бұл күні қауымға үш мыңдай адам қосылды».

Осы сәттен бастап Елшілердің істері кітабы Рухқа кенелген адамдардың барған жерлерінде Иса жайында куәлік еткендерін баяндайтын жазба болып табылады.

Иса Киелі Рухпен шомылдыруын жалғастыруда ма? Иә! Жоелдің пайғамбарлық сөзінің орындалуы адамзат тарихындағы кез келген өзге уақытқа қарағанда қазір кеңірек таралуда. Бүкіл әлем бойынша миллиондаған сенушілер Елуінші күн тәжірибесін – Киелі Рухпен шомылдыруды бастан өткерді. Иса көптеген қауымдарға жаңа өмір мен күш әкелуде. Біз мұны харизмалық жаңару деп ағай аламыз. Харизма сөзі сый дегенді білдіреді. Киелі Рух сый ретінде келіп, Өзімен бірге рухани күштің көптеген сыйларын әкеледі.

Тапсырма

- 6** Петір Исаның Мәсіх болуының және өлімнен қайта тірілуінің куәсі ... болды деген.
- а)** Киелі Рухтың Оның ізбасарларына төгілуі
 - ә)** пайғамбарлар жасаған кереметтер
 - б)** Құдайдың көктен берген белгілері мен кереметтері
- 7** Елуінші күні Киелі Рух сенушілерге төгілген кезде, жұрт олардың жанына олар... жиналды.
- а)** ауруларды сауықтырғандықтан
 - ә)** Құдай туралы әр түрлі тілдерде сөйлегендіктен
 - б)** өз күнәларына кешірім сұрағандарды шомылдырғандықтан
- 8** Сіз өзіңіз үшін Киелі Рух істей алатын бірнеше нәрсені оқып білдіңіз. Оның өз өміріңізде жұмыс істеуін қалайтын тәсілдердің астын сызып қойыңыз.
- а)** сіздің Көмекшіңіз болуы;
 - ә)** әрқашан сізбен болуы;
 - б)** Сізге Иса туралы үйретуі;
 - в)** Сізді ақиқатқа жетелеуі;
 - г)** Сізге Иса туралы куә болу үшін күш беруі;
 - ғ)** Сіз арқылы Құдайдың ұлылығы туралы өзге тілдерде сөйлеуі;

- 9 Сіз Исаның өзіңізге Киелі Рухтың сыйын бергенін қалайсыз ба? Ол сізді дәл қазір шомылдыра алады! Егер сіз Оның осыны іске асырғанын қаласаңыз, төменде берілген мінәжатты пайдалана отырып немесе өз сөздеріңізді қолдана отырып мінәжат етіңіз.

Иса, маған Киелі Рухтың сыйын бере гөр. Мен Оның Көмекшім болып, маған Сен туралы үйреткенін қалаймын. Мен Сен туралы батылдықпен куәлік беру үшін Киелі Рухтың маған күш бергенін қалаймын. Мен арқылы Құдай істеген ұлы істер туралы бөтен тілдерде сөйлегенін қалаймын. Саған алғысымды білдіремін, Иса. Мен Сенің Киелі Рухыңның керемет сыйын қабыл аламын. Амин.



Осы сабақта сіз Исаның Сауықтырушы және Шомылдырушы ретіндегі қызметі жайлы үйрену арқылы Иса туралы көбірек мәліметке ие болдыңыз. Ол осы дарындарға ие әрі осыларды сізге беруге дайын. Сіздің тарапыңыздан қажеттісі – осыларды сұрауыңыз ғана. Ол былай деген:

Лұқ 11:9, 13. «Сондықтан сендерге былай деймін: Құдайдан сұраңдар, сонда Ол сендерге (мұқтаждарыңды) береді; іздеңдер, сонда табасыңдар; есікті қағыңдар, сонда сендерге ашылады. Сонымен өздерің күнәкар бола тұра балаларыңа жақсылық жасауды білсеңдер, көктегі Әкенің Өзінен сұрағандарға Киелі Рухын сыйлайтыны ешбір шүбәсіз!»

Өз жауабыңызды тексеріңіз

- 4 в)** Киелі Рух
- 1 б)** денеге, ақыл-ой мен жанға.
- 5** Реті мынадай: **а)** 3, **ә)** 5, **б)** 4, **в)** 1, және **г)** 2.
- 2 а)** бізді жаратты.
- 6 а)** Киелі Рухтың Оның ізбасарларына төгілуі.
- 3** Сіздің жауабыңыз. Мен **а** (Матай жазған Ізгі хабар 4:23-24) мен **б** жауаптары (Еврейлерге арналған хат 13:8) бірлесе отырып ең тура жауап құрар еді деп айтар едім.
- 7 ә)** Құдай туралы әр тілдерде сөйлегендіктен.
- 8** Өз жауабыңыз.